



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2020 жылдың 10 маусымы

KASE биржалық нарықтың 2020 жылдың мамыр айындағы жұмыс қорытындысын ұсынады

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2020 жылдың мамыр айының биржалық нарықтың жұмыс қорытындысы туралы хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі мамыр 9 014,1 млрд теңге млрд теңгені құрады, сәуір айымен салыстырғанда 2,9 % немесе 257,1 млрд теңгеге өсті.
- Мамыр айында KASE ресми тізіміне корпоративтік облигациялардың екі шығарылымы енгізілді.
- KASE Индексі мәні мамыр айында 2,2 % өсіп, 2 234,92 нүктені құрады.
- Акциялар нарығын қаржыландыру 0,04 % немесе 6 млрд теңгеге төмендеп, 17 трлн теңгені құрады.
- Саудаланған корпоративтік қарыз көлемі жыл басынан бері 1,5 % немесе 204,5 млрд теңгеге төмендеп, 13,5 трлн теңгені құрады.
- 2020 жылдың 01 маусымына KASE сауда-саттық тізімінде 182 эмитенттің шығарған 441 бағалы қағаздары орналасқан.
- 2020 жылдың 01 маусымында Орталық депозитарийде жеке тұлғалар ашқан 121 347 жеке шот тіркелді, ол алдыңғы айға қарағанда 943 шотқа және 2020 жылдың басына қарағанда 3 652 шотқа артық.

АКЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Мамыр айының қорытындысы бойынша акциялар нарығының капитализациясы 0,04% немесе 6 млрд теңгеге төмендеп, 17 трлн теңгені (41,2 млрд USD) құрады.

Мамыр айының аяғында KASE ресми тізімінде 138 эмитенттің 122 акциялары рналастырылды, олардың ішінде үш шығарылымы листингілік емес бағалы қағаздар секторында айналысқа жіберілді.

Жыл басынан бері Биржаның ресми тізімінен эмитенттің бастамасы бойынша "Теміртау электрометаллургиялық комбинаты" АҚ жай акциялар шығарылды. Жаңа акциялар ресми тізіміне енгізілген жоқ.

Мамыр айында сауда-саттық көрсеткішінің көлемі 61,3 % немесе 9,3 млрд теңгеге төмендеп, 5,9 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 325,3 млн теңге, мәмілелердің орташа күндік саны – 819, бір мәміленің орташа мәні – 0,4 млн теңгені құрады.

Есептік айында акцияларының алғашқы нарығы секторында "БАСТ" АҚ өзінің 3 580 жай акцияларын 50,1 млн теңгеге бір акцияға 14 000 теңгеден орналастырды. Барлық мәмілелер нарықтың кәсіби қатысушылары болып табылмайтын, заңды тұлғалардың шотынан жасалды.

Қайталама нарықтың көлемі мамыр айында 5,8 млрд теңгені құрады, ол сәуір айының көрсеткішінен 60 % төмен.

Инвесторлардың негізгі санаты арасында қайталама нарықта белсенді болғаны жеке тұлғалар, олардың шоттарына акциялармен мәмілелердің жалпы көлемінің 65,2 % келді. Брокер-дилерлердің үлесі 15,3 %, өзге институционалдық инвесторлар – 2,2 %, өзге заңды тұлғалар 17,3 %. Екінші деңгейдегі банктер (ЕБД) сауда-саттыққа қатыспады. Бейрезиденттердің қатысуы 8,7 % бағаланады.

KASE ИНДЕКСІ

2020 жылдың мамыр айында KASE Индексі 2,2 % дейін немесе 49,94 нүктеге өсіп, 2 324,92 нүктені құрады. Жыл басынан бері көрсеткішті өзгерту -1,6 %.

Эмитент	Сауда-саттық коды	Баға өзгеруі		
		01.05.2020	01.06.2020	2020 ж мамырда
"Қазақстан Халық жинақ Банкі" АҚ	HSBK	95,48	105,00	+10,0%
"KEGOC" АҚ	KEGC	1 647,68	1 760,00	+6,8%
"Қазақтелеком" АҚ	KZTK	26 040,00	27 500,00	+5,6%
KAZ Minerals PLC	GB_KZMS	2 250,00	2 274,99	+1,1%
"КазТрансОйл" АҚ	KZTO	870,00	876,06	+0,7%
"Банк ЦентрКредит" АҚ	CCBN	236,70	237,86	+0,5%
"Кселл" АҚ	KCEL	2 574,00	2 575,00	0,0%
"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы" АҚ	KZAP	6 130,00	5 645,00	-7,9%

"Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ жай акциялары есептік кезеңде экс-дивидендтік күннің келуімен байланысты айына 7,91 % арзандап, қатты құлдырауын байқатты (28 мамыр). 05 мамырда атомдық компания акцияларына Қазақстан қор биржасында қағаздардың барлық айналым кезеңінде жабылу бағасының ең жоғары деңгейі – бір данасы 6 237 теңгеден айналды. Лондон қор биржасында "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ ЖДҚ бағасы сол күні \$15,03 құрады, ол ҚР ҰБ ресми бағамы бойынша теңгемен есептегенде 05 мамырда 6 394 теңгені құрады. Ең жоғарғы бағаға қол жеткізу аясында маңызды жаңалықтардың бірі табиғи уранды "Казатомпром" Ұлттық атом компаниясы АҚ және Dioxitek S.A. аргентиналық компаниясы арасында жаңа келісім-шарт жасау туралы болды. Компанияның баспасөз хабарламасында аталмыш келісім келісім-шарттың қоржыны географиялық диверсификациялауға ықпал еткендігі және Оңтүстік Америка нарығындағы компанияның қатысуын нығайтқандығы анықталды. 21 мамырда компания аудиттелмеген қаржылық есептілігін көрсетті, оған сәйкес компанияның таза табысы 2020 жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы өткен жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 2,4 есе қысқарып, 29,4 миллиард теңгені құрады. Сонымен қатар, компания барлық мүдделі тұлғаларды 2020 жылдың екінші жартыжылдығындағы өндіріс көлемі COVID-19 таралудың алдын алу бойынша кешенді шаралары аясында кен орындарында тау-кен дайындық жұмыстары бойынша қызметін тоқтатудың салдарынан алдындағы болжанған деңгейден төмен болуы мүмкін деп хабарлады.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҒЫ

Мамыр айының қорытындысы бойынша корпоративтік борыштың сауда-саттық көлемі 1,5 % төмендеп немесе 204,5 трлн теңгеге төмендеп, 13,5 трлн теңгеге (32,6 млрд USD) жетті. төмендеу себебі – халықаралық облигациялардың корпоративтік борышын теңгемен алғанда есептеік кезеңдегі теңгенің нығаюы есебінен төмендету болды.

Мамыр айының соңындағы жағдай бойынша KASE ресми тізімінде 73 эмитенттің корпоративтік облигацияларының 262 шығарылымы болды. Жылдың басынан бастап KASE ресми тізіміне тоғыз эмитенттің облигацияларының екі шығарылымы енгізілді: "Қазақстан Даму Банкі" АҚ екі шығарылымы және "Казахстан инжиниринг" Ұлттық компаниясы (Kazakhstan Engineering) шығарылымы қосылды.

Есептік кезеңде ресми тізімнен айналым мерзімі аяқталуына байланысты үш корпоративтік шығарылымы шығарылды: "Банк "Bank RBK" АҚ, "Хоум Кредит энд Финанс Банк" АҚ Еншілес банкі және "Евразиялық банк" АҚ.

KASE_BMY корпоративтік облигациялардың кірістілік индексінің мәні 29 базистік нүктеге өсіп, жылдық 10,94 % құрады.

Сәуір айына қарағанда Биржадағы корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық көлемі наурыз айына қарағанда 73,3% немесе 190,8 млрд теңгеге төмендеп, 69,4 млрд теңгені құрады. Төмендеу алғашқы және қайталама нарықта байқалды. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 3,9 млрд теңгені құрады, орташа күндік мәміле саны – 11, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 352,5 млн. теңге.

Корпоративтік облигациялардың алғашқы нарығында алты эмитенттің жеті облигациялық шығарылымы жалпы сомасы 63,2 млрд. теңгеге орналастырылды, ол сәуір айының көрсеткішінен 17,5 % немесе 13,4 млрд теңгеге төмен.

- "Баспана" Ипотекалық ұйымы" АҚ өзінің KZ2C00006476 (BASPB7) және KZ2C00006484 (BASPB8) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі тиісінше жылдық 11,38 %, 11,37 % орналастырып, 21,6 млрд теңге қаржы тартты;
- "ҚазАгроҚаржы" АҚ өзінің KZ2C00006385 (KAFIb9) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 13 % орналастырып, өтеу мерзімі 4,6 жыл, 6,1 млрд теңге қаржы тартты;
- "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ өзінің өтеу мерзімі 6,4 жылға дейінгі KZ2C00006161 (AGKKb12) облигацияларын жылдық 9,75 % орналастырып, 5,6 млрд теңге тартты;
- "Қазақстан Даму Банкі" АҚ KZ2C00006765 (BRKZb18) жиырма жылдық облигацияларын жылдық 0,15 % орналастырып, 20,0 млрд теңге тартты.
- "ТехноЛизинг" ЖШС өзінің өтеуге дейін мерзімі 3,5 жыл KZ2P00006299 (THLZb1) облигацияларын орташа сараланған кірістілігі жылдық 18,00 % орналастырып, 794,1 млн теңге қаржы тартты;
- "KEGOC" АҚ KZ2C00006658 (KEGCb3) 15 жылдық облигацияларын өтеу кірістілігі жылдық 12,00 % орналастырып, 9,0 млрд теңге тартты.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша корпоративтік облигациялардың бастапқы нарығында ЕДБ үлесі – 30 %, брокер-дилерлердің үлесі – 2,7 %, басқа институционалдық инвесторлар – 57,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі – 9,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1 %. Резидент еместердің қатысу үлесі 12,8 % құрады.

Облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі сәуір айындағы көрсеткіштен 96,6 % немесе 177,4 төмендеп, 6,3 млрд теңгені құрады.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 25,8 %, брокер-дилерлердің үлесі – 49,9 %, басқа институционалдық инвесторлар – 12,1 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 1,7 %, жеке тұлғалардың үлесі – 10,5 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 18,4 % бағаланды.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ)

Мамыр айының қорытындысы бойынша Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналы бойынша сомасы 14,2 трлн теңгені құрап (34,5 млрд USD), жылдың басынан бастап 403,2 млрд теңгеге немесе 14,2 трлн теңгеге өсті.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының жиынтық көлемі на 53,5 % немесе 333,2 млрд теңгеге төмендеп, 289,7 млрд теңгені құрады. Сауда-саттықтардың орташа күндік көлемі 16,1 млрд теңге болды (қайталама нарықта – 3,7 млрд теңге); орташа күндік мәмілелер саны – 13 (қайталама нарықта – 8); бір мәміленің орташа көлемі – 6 (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 1,3 млрд теңге), бір мәміленің орташа көлемі - 3,2 млрд теңге (қайталама нарықта бір мәміленің орташа көлемі – 483,7 млн теңге).

МБҚ бастапқы нарығындағы сауда-саттық көлемі 222,9 млрд теңгені құрады, наурыз айындағы көрсеткіштен 58,6 % төмен. Олардың ішінде 17,8 млрд теңге алты облыстың әкімдіктері мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаны жүзеге асыру аясында тартты. Қаржы министрлігі 205,1 млрд теңге тартты, сәуір айына қарағанда ол көрсеткіш 41 % төмен.

Барлығы мамырда орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,96 % және 10,97 % үш облигациялық шығарылымы орналастырылды: орташа сараланған кірістілігі жылдық 10,78 % екі ұзақ мерзімді шығарылымы және қысқа мерзімді орташа сараланған кірістілігі жылдық. Қаржы министрлігінің қысқа мерзімді алдыңғы орналастыруы 2014 жылдың тамыз айында болды.

МБҚ алғашқы нарығында сатып алушылар ретінде ЕДБ болды, олардың үлесі 63,6 %, өзге институционалдық инвесторлар үлесі 28,2 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 8 % асты. Бейрезиденттер алғашқы нарыққа қатысқан жоқ.

МБҚ қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі 20,3 % немесе 17 млрд теңгеге төмендеп, 66,8 млрд теңгеге жетті. 65,5 % (43,7 млрд теңге) қайталама нарықтың жалпы сауда-саттық айналымынан МЕКАМ, 33,3 % (22,2 млрд теңге) – Ұлттық Банктің ноталарының сауда-саттықтарын құрады. Шет мемлекеттердің МБҚ жасалған мәмілелердің көлемі 580,8 млн теңгеге жетті.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 29,3 %, брокер-дилерлердің үлесі – 5,3 %, басқа институционалдық инвесторлар – 46,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 18,4 %, жеке тұлғалардың үлесі – 1 % болды. Резидент еместердің қатысу үлесі 3 % болады.

ХҚҰ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ

Есептік кезеңнің соңына қарай KASE сауда-саттық тізімдерінде бес халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларының 28 шығарылымы болды: Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк, Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC).

Мамыр айында KASE ресми тізімінен айналым мерзімі аяқталуына байланысты Азиялық даму банкі, Еуразиялық даму банкі, Еуропалық қайта құрылымдау және даму банкі, Еуропалық инвестициялық банк облигациялары шығарылымы шығарылды.

Есептік кезеңде аталмыш секторда мәміле жасалған жоқ.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСПҰЛДАРЫ

01 шілдедегі жағдай бойынша "Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары" секторында сегіз компанияның басқаруындағы 11 қаржы құралы болды.

Төрт айдағы сауда-саттық көлемі 185 млн теңгені құрап, өткен жылдың сәуірімен салыстырғанда 26,3 млн теңгеге немесе 16,5 % өсті.

Қаржы құралы	Көлемі, млн KZT	Мәмілелер саны
IE_FXBF	100,9	30
US_BIL_	39,9	4
US_SPY_	19,1	77
FFIN_or	15,5	2
CSECfe	9,6	7
	185,0	120

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 29,4 %, брокер-дилерлердің үлесі – 19 %, басқа институционалдық инвесторлар – 48,6 %, өзге заңды тұлғалардың үлесі 3 % болды.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2020 жылдың 01 маусымындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атынан ашылған 121 347 жеке есеп-шоттар болды, бұл көрсеткіш 2020 жылдың басынан бастап 943 шотқа артып, 3 652 шотты құрады.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттық көлемі мамыр айында 672,7 млрд теңгеге жетіп, өткен жылдың көрсеткішінен 10,2% немесе 76,3 млрд теңгеге артық. Бұл оң тренд 2020 жылдың сәуір айындағы сауда-саттықтың көлемі 37,4 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 380, бір мәміленің орташа көлемі – 98,3 млн теңге. 2020 жылдың наурыз айымен салыстырғанда орташа күндік сауда-саттық көлемі 34,1 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 291, бір мәміленің орташа күндік көлемі – 134,1 млрд теңге. Ағымдағы жылдың сәуір айымен салыстырғанда орташа күндік сауда-саттықтың көлемі- 34,1 млрд теңге, мәміленің орташа күндік саны – 291, бір мәміленің орташа көлемі – 117,1 млн теңге.

2020 жылдың төрт айында сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 3,9 трлн теңгені құрады, ол 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,5% немесе 554,2 млрд теңге. Бір мәміленің орташа көлемі мәміленің орташа көлемі 48,9 млрд теңге болды, мәміленің орташа күндік саны – 343, бір мәміленің орташа көлемі – 142,6 млн. теңге.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары келтірілген (жақшаның ішінде көрсеткіштің өткен жылдағы ұқсас кезеңіне қатысты өзгеруі, бағамның өзгеруі шетел валютасының теңгеге орташа сараланған биржалық бағамының номиналды өзгеруін көрсетеді).

KASE сауда-саттық алаңындағы валюталық жұптардың сауда-саттық параметрлерінің өзгеруі

Жұп	Көлему, валюта бірл.млн	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Базалық бірл. айырбаст. валют. мин. және макс. бағамдары	Айдың соңындағы бағам (өзг.%)
USD/KZT	1 600,20 (-7,0 %)	99,4 % (0%)	6 768 (+ 471)	411,55 – 425,41	411,55 (-3,1 %)
RUB/KZT	223,80 (-12,6 %)	0,2 % (0%)	35 (-14)	5,7270 – 5,8380	5,8260 (-0,2 %)
CNY/KZT	20,11 (-33,4 %)	0,2 % (-0,1%)	30 (-6)	57,4075 – 60,6750	57,4200 (-5,4 %)
EUR/KZT	2,08 (+59,4 %)	0,1 % (+0,1%)	10 (-1)	451,70 – 461,70	452,40 (-2,0 %)
EUR/USD	1,30 (x 2,2)	0,1 % (+0,1%)	3 (+1)	1,0800 – 1,0945	1,0800 (-0,2 %)

Әлемдегі қиын жағдайға қарамастан, АҚШ пен Қытай арасындағы қарым-қатынастың ушығуы, Қазақстандағы коронавирус инфекциясының саны артуына қарамастан, теңге KASE алаңында саудаланатын барлық шет елдік валюталарға қатысты позициясын нығайтумен аяқталды. Теңге АҚШ долларына қатысты 3,1% нығайып, немесе бір валюта бірлігіне 13,02 теңге нығайып, 424,57 -ден 411,5 теңгені құрады. Әлемдік экономиканың позитивті мәліметтері, карантиндік шараларды тоқтату перспективасы, сондай-ақ 1 мамырда нарықты теңестіру үшін мұнай өндіруді төмендету бойынша ОПЕК+ елдерінің мәмілелерінің күшіне енуі сыртқы сентиментті жақсартуға ықпал етті. Есептік кезеңде ұлттық валютамен негізгі қолдау мұнайдың эталондық маркасының баға белгілеуінің өсімі, дамушы елдердің валютасына инвесторлардың тәуекел тәбетінің өсуі, 2020 жылдың бірінші тоқсанындағы сарапшылардың салықтық төлем кезеңі (пайдалы қазбаны өндіруге салық), 2020 жылдың бірінші тоқсанына экспортқа ренттік салығы, сондай-ақ бюджеттік ереже аясында шет елдік валютамен сатуды ұлғайтуға байланысты ресей рублінің АҚШ долларына қатысты нығаюы.

ТМД елдерінің арасында АҚШ долларына қатысты мамыр айында қырғыз сомы (+7,2%), ресей рублы (+6%) және қазақстандық теңге (+3,1%) орын алды.

АҚША НАРЫҒЫ

Мамыр айының аяғында TONIA индикаторы (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша бір жұмыс күнінен орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 64 б.н. артып, жылдық 7,89%-дан 8,53%-

ға жетті, TWINA индикаторы мәні (РЕПО мәмілелері ашылуы бойынша мерзімі жеті жұмыс күніне орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі) 57 б.н. төмендеп, жылдық 9,71 % -дан 9,14 % -ға жетті.

Мамыр айының соңында бір күндік долларлық своп операцияларының кірістілігі SWAP-1D (USD) мамыр айының соңында жылдық 9,73 % құрады, мамыр айының басынан бері 7,82 % артып, 191 б.н. құрады. Екі күндік своп операцияларының кірістілігі SWAP-2D (USD) жылдық 8,06 % -дан 9,87 %-ға артып, 181 б.н. құрады. USD/KZT валюталық своп операциялары бойынша және бір жұмыс күніне ашылған, МБҚ автоматты репо операциялар бойынша орташа сараланған мәміле көлемі арқылы кірістілігі мәнін көрсететін қаржы нарығының композиттік индикаторы MM_Index, 71 б.н. артып, жылдық 7,89 %-дан 8,60 %-қа дейін өсті.

Репо операцияларының нарығы

Сәуір айында осы сегменттегі сауда-саттықтар көлемі 6 874,4 млрд теңгені құрады, өткен жылдың көрсеткішінен 582,2 млрд теңгеге немесе 9,3 % артық. Repo операцияларының орташа күндік көлемі 381,9 млрд. теңге болды, орташа күндік мәмілелер саны – 501, бір мәміленің орташа көлемі – 761,87 млн теңге.

МБҚ қоржынымен автоматты репо операциялары нарығында танымал құрал ретінде мерзімі бір күндік репо операциялары, олармен мәміле үлесі МБҚ себетімен авторепо нарығындағы жалпы сауда-саттық көлемі 94 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттықтар көлемі 36,9 % төмендеп, 296,8 млрд теңгеге артып, 804,1 млрд теңгеден 1 100,9 млрд теңгеге жетті. Мамыр айында валюталық своп операцияларының барлық мәмілелері АҚШ долларымен жасалды. Бір күндік валюталық своп операцияларының барлық мәмілелері 42,6 млрд теңгені, екі күндік – 18,5 млрд теңгені құрады. Қаржы құралдарының құрылымында сауда-саттықтардың жалпы көлеміндегі 68,3 % (751,6 млрд теңге) екі күндік валюталық своптардың нарығында (USDKZT_0_01) үлесінде болды.

Валюталық своп операциялары нарығындағы сауда-саттық көлемі 296,8 млрд теңге немесе 36,9 % артты. Валюталық своп операцияларының барлық мәмілелері мамыр айында АҚШ долларымен жасалды.

"Ұзын" валюталық своптармен жасалған мәмілелердің көлемі бір айға жалпы сомасы 16,8 млрд теңге және үш мәміле бір аптаға 16,5 млрд теңге болды.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Биржалық нарықтың деривативтер секторында саудалауға, базалық активтері АҚШ доллары және KASE Индексі, акциялардың жекелеген атаулары болып табылатын, фьючерстер қолжетімді. Есептік кезеңде фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. Маусым айының басында деривативтер нарығының сауда-саттыққа қатысушыларының ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Бұл – репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады, замани технологияларды иеленген және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттықтық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтердің толық спектрын көрсетеді.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

KASE жергілікті және шетелдік қатысушылар үшін айқын инвестициялық ортаны қамтамасыз ету арқылы Қазақстанның экономикалық өсуіне себептеседі.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.